КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 12 мамыр №1513-26-00-2/705 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья Ш.І. Мырзалы,
сот отырысының хатшысы Б.С. Кожагулова отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Tauekel-01» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
Ажигулов Пангерей Бахытжанович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі О.Ж. Жарасханова
жауапкер өкілі Р.И.Умирбаев
үшінші тұлға П.Б.Ажигулов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2026 жылғы 10 ақпанда «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай–тапсырыс беруші, талап қоюшы) №16255087-1 «Нұр Ғасыр» мешітінің жанындағы жерасты өткеліне, «ДСК» және «Әлия» сауда орталығы ауданындағы жаяу жүргіншілер жерүсті өткелдеріне қызмет көрсету үшін 23 172 413.80 (жиырма үш миллион жүз жетпіс екі мың төрт жүз он үш) теңге 80 тиын Ашық конкурсы жарияланған. Ашық конкурсқа «Tauekel-01» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай–өтінім беруші, жауапкер) және өзгеде әлеуетті өнім берушілер қатысқан.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Өтінім берер алдында әлеуетті өнім беруші – «Tauekel-01» ЖШС «Мемлекеттік сатып алу» порталында берілетін мәліметтердің дұрыстығын қамтитын, конкурсқа қатысу туралы келісімге (Конкурстық құжаттамаға 2-қосымша) қол қойған.

«Tauekel-01» ЖШС конкурстық өтінімі біліктілік талаптарына сәйкес келгендіктен, комиссия мүшелерінің шешімімен конкурсқа қатысуға қабылданып, жеңімпаз атанған.

Мемлекеттік сатып алу конкурсының 2026 жылдың 20 ақпанындағы №16255087-ОК1 хаттамасына «Region-04 Service» ЖШС, жауапкер «Tauekel-01» ЖШС-мен анық емес ақпарат ұсынылғандығы жөнінде шағымын келтірген.

Тапсырыс берушімен Қазақстан Республикасының ресми мемлекеттік порталы https://egov.kz/ арқылы жүргізілген тексерудің нәтижесінде, конкурстық өтінімге ұсынылған куәлік сериясы және тіркеу №DA01276613 берілген күні 11.02.2014 жылғы, мемлекеттік нөмірі 425CBA04 КАМАЗ 55111-016-02 маркалы ауыр жүк көлігінің конкурсқа ұсынылған көлік құралы деректер базасында тіркелмегендігі анықталған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюында жауапкермен мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі орын алғанын, анық емес ақпарат ұсынғандығы себепті жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкермен сотқа қарсы пікір берілген жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында жауапкер талапты мойындамайтынын, мемлекеттік нөмірі 425CBA04 КАМАЗ 55111-016-02 маркалы ауыр жүк көлігінің П.Б.Ажигуловқа тиісілі екенін, көлік құралын жалдау шарты бойынша жалға алғанын, мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысар алдында көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірінің өзгертілгенін білмегенін, ол жөнінде көлік иесінің де ескертпегенін айтып, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Сот отырысында үшінші тұлға П.Б. Ажигулов, КАМАЗ 55111-016-02 маркалы ауыр жүк көлігінің өзіне тиесілі екенін, 2025 жылдың шілдесінде есептен шығарып, ұлы З.Б.Бақытжанның атына тіркеуге қойғанын, кейін 2026 жылғы 2 ақпанда қайта өзінің атына тіркегенін, қазіргі уақытта 468AMT054 мемлекеттік тіркеу нөмірі берілгенін, жауапкермен автокөлікті жалдау туралы шартқа 2026 жылғы 9 ақпанда отырғанын, көліктің мемлекеттік нөмірінің ауысқандығы жөнінде «Tauekel-01» ЖШС-не ескертпегенін айтты.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Мырзалы Ш. І., 15.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 17.06.2026, судья Мырзалы Ш. І., 18.06.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай-АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

АПК-нің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) 8-бабының 4-тармағының 1-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 3-бабына сай анық емес ақпарат - біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Аталған норманың талаптарының мәнісін түсінуге сәйкес анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін оның біліктілік талаптары мен құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергендігі дәлелденуі қажет және осы анық емес ақпарат конкурстық баға ұсынысына әсер еткендігі дәлелденуі қажет, сонымен қатар, шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер дәлелденуі тиіс. Осы шарттардың жиынтығында әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға болады, ал осы шарттың біреуі болмаған кезде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танудан бас тартуға жатады.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 9-тармағына сәкес, Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші біліктілік

Құжатқа қол қойылған: Мырзалы Ш. І., 15.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 17.06.2026, судья Мырзалы Ш. І., 18.06.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталған кезде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылады.

Іс құжаттарына сәйкес жауапкер конкурсқа қатысқан кезде 2026 жылғы 9 ақпандағы «Көлік құралын жалдау шарты» негізінде П.Б.Ажигуловқа тиісілі КАМАЗ 55111-016-02 маркалы ауыр жүк көлігінің бұрынғы яғни, қазіргі таңда жарамсыз болып табылатын көлік құралының тіркелу куәлігін ұсынған. (№DA01276613 берілген күні 11.02.2014 жыл, мемлекеттік нөмірі 425CBA04)

Ақтөбе облысы ПД Әкімшілік полиция басқармасының процессингтік орталығының көлік құралдарын тіркеу және есепке алу базасына сәйкес 425CBA04 м/н КАМАЗ 55111-016-02 маркалы 2025 жылғы 2 шілдеде П.Б.Ажигуловтың атынан тіркеуден шығарылып, 2025 жылғы 2 шілде мен 2026 жылғы 2 ақпан аралығында 557AKX04 мемлекеттік нөмірмен З.П.Бақытжанның атында тіркеуде болған. 2026 жылғы 2 ақпаннан бастап 468AMT04 мемлекеттік нөмірімен П.Б.Ажигуловтың атына қайта тіркелген.

Сотта үшінші тұлға П.Б.Ажигулов Ақтөбе облысы ПД Әкімшілік полиция басқармасының процессингтік орталығының берген мәліметін растайды және ол жөнінде «Tauekel-01» ЖШС-гін ескертпегенін айтты.

Өтінім берер алдында әлеуетті жауапкер «Мемлекеттік сатып алу» порталында берілетін мәліметтердің дұрыстығын қамтитын, конкурсқа қатысу туралы келісімге (Конкурстық құжаттамаға 2-қосымша) қол қойған кезде, ұсынылған құжаттарда дұрыс емес мәліметтер болған жағдайда, әлеуетті өнім беруші толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

Нәтижесінде, жауапкер тарапынан конкурстық өтінімде анық емес ақпарат ұсынылғаны анықталды.

Сот, жауапкердің келтірген уәждері келесі себептермен негізсіз деп есептейді.

Жауапкер конкурсқа қатысқан кезде өзі ұсынған құжаттардың дұрыстығын тексеруге міндетті.

Жауапкер өтінімді берер алдында, өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін жауапты.

Сонымен қатар, жауапкердің құжаттарына салғырт қарап дұрыс емес ақпарат ұсынуын, конкурсқа қатысар алдында өзі ұсынған КАМАЗ 55111-016-02 маркалы жүк көлігінің жай-күйін тиісті түрде тексермеген деп санайды.

Жауапкер тарапынан талап қоюшының ұсынған дәлелдемелерін жоққа шығаратын және де өз қарсылықтарын растайтын дәлелдеме құжаттарды сотқа ұсынған жоқ.

Талап қоюшы тарапынан осы іске қатысты, жауапкер конкурсқа қатысқан кезде анық емес ақпарат бергені туралы барлық дәлелдеме құжаттары келтірілді.

Сот, зерттеліп анықталған мән-жайлар негізінде талап қоюшының талап

Құжатқа қол қойылған: Мырзалы Ш. І., 15.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 17.06.2026, судья Мырзалы Ш. І., 18.06.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қоюы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануға жатады деп тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 2 163 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Tauekel-01» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Tauekel-01» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджетке 2 163 (екі мың жүз алпыс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Ш.І. Мырзалы

Құжатқа қол қойылған: Мырзалы Ш. І., 15.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 17.06.2026, судья Мырзалы Ш. І., 18.06.2026

1513-26-3-1/820